

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JWNJ3747>

***А. Қ. Қожахмет¹, Г. О. Сыздықова²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: a_kozhakhmet@mail.ru

ҒЫЛЫМИ МӘТІНДІ ҚАБЫЛДАУ, ТҮСІНУ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

Мақала ғылыми мәтінді қабылдау, түсіну, түсіндіру мәселелеріне негізделіп жазылды. Қай заманда да ғылыми мәтіннің білім алушылар үшін маңызы зор болған. Себебі ғылыми мәтін ғылым мен білім сақталатын күрделі құрылым. Сонымен қатар бұл мәтін түріне объективтілік, логикалық, нақтылық және ақпараттылық тән. Демек, ғылыми мәтінге қойылатын талап қатаң. Сондықтан оны жеткілікті дәрежеде меңгеру мәтінді дұрыс қабылдаумен, сауатты түсінумен, оқырманға түсінікті тілмен жеткізумен тікелей байланысты. Айтылған мәтін дұрыс қабылданбаса, онда ол көздеген мақсатына жете алмайды.

Мақалада ғылыми мәтінді қабылдау мен түсінудің бір-бірімен байланысы, ерекшелігі, ғылыми мәтінді жазуда және оқуда интерпретацияның алар орны туралы прагматингвистикалық талдау жасалды. Ғылыми мәтіннің ерекшелігін, оның адресант пен адресат арасындағы байланысын көрсету үшін ғалым А. Абасиловтың ғылыми мәтініне талдау жүргізілді. Ғалымның тілдік қолданысы, сөйлем құрылымы, айтқан ойы мақаланың негізгі зерттеу нысаны болды. Оған қоса, ғылыми мәтінді оқырманның жеткілікті дәрежеде қабылдауы үшін автордың қолданатын стратегиясы мен тактикалары туралы зерттеулер де мақаладан көрініс тапты. Нәтижесінде мәтін, автор және оқырманды бір-бірімен біріктіретін қабылдау, түсіну, түсіндіру ұғымдарының байланысы анықталды.

Кілтті сөздер: қабылдау, түсіну, интерпретация, термин, адресант, адресат.

Кіріспе

Бүгінде ғылыми мәтінді меңгеру (жазу және оқу) білім алушылар арасында аса маңызды. Ғылыми мәтін кез келген ғылым саласында, әрбір жоғарғы оқу орнында қолданылады. Ғылыми мәтінді қабылдау көпшілікке қиындық тудырады. Себебі ғылыми мәтіннің құрылымы күрделі, мазмұны логика мен объективтілікке негізделі жасалады. Сондықтан ғылыми мәтінді жазуда оқырманның жас ерекшелігін, білім деңгейін, таным-түсінігін назарда ұстаған жөн. Ғылыми мәтінді меңгеру оны қабылдау мен түсінуден басталады. Бұл екі процестің нәтижесі интерпретация деп аталады.

Жалпы алғанда, ғылыми мәтін – грамматикалық, лексикалық, құрылымдық-семантикалық және логикалық-композициялық ерекшеліктері бар, жалпы әдеби тілде жазылған мәтін. Ғылыми мәтінді қабылдау ғылыми мәтінге тән белгілерді меңгеру арқылы жүзеге асады. Ғылыми мәтін ғылыми стильде жазылатындықтан, оған нақтылық, ақпараттылық, объективтілік, логикалық тән. Ғылыми мәтінде ең алдымен дәлелдемелері бар ғылыми ақпарат беріледі. Ғылыми ақпарат тіл білімінің грамматикалық заңдылықтарын сақтай отырып жазылуы тиіс.

Ақпараттың ғылыми стильде жазылуын танытатын бірлік – терминдер. Мәтіндегі терминдер оның ғылымылығын арттырады. Ғалым А. Адилванның пікірінше, ғылыми мәтін мынадай белгілерге ие: «сөйлемдер толық құрылымды, жалпы мағыналы сөздер, бір мағыналы сөздер, қатаң логика, терминология, эмоционалды бояудың жоқтығы, күрделі сөздер, қысқарған сөздер, символдық белгілер, неологизмдер, сілтемелер, нақтылау, түсіндіру мақсатындағы қыстырынды құрылымдар, концептуалды метафоралар» [1, 11]. Автор осы мәселелерді қамтығаннан кейін мәтінді адресатқа ұсына алады. Ғылыми мәтінді тез әрі жеңіл қабылдау үшін автор мәтінді ғылыми стильдің барлық белгілерін сақтай отырып жазғаны жөн. Олай болса, төменде ғылыми мәтінді адресаттың қабылдауына ұсыну, адресаттың мәтінді түсінуі мен түсіндіруі жөнінде талдаулар жасалады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мәтінді қабылдау, түсіну және интерпретациялау мәселелерін қарастыруда шетелдік зерттеушілер В. Гетьман, А. Леонтьев, Е. Бабкина, И. Семенованың, отандық тілтанушылар А. Байтұрсынұлы, Н. Уәли, Д. Әлкебаева, Ғ. Отарбаева, А. Адилова, А. Абасиловтың еңбектері негізге алынды.

Бұл зерттеу жұмысында ғалым А. Абасиловтың ғылыми мәтініне талдаулар жүргізілді. Зерттеу барысында ғылыми мәтінді қабылдау, түсіну және түсіндірудің жолдарын анықтау мақсатында түрлі зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі нәтижелері бақылау, жинақтау, талдау

әдістерінің көмегімен жасалды. Бұл зерттеу әдістерінің қолданылуы А. Абасиловтың мәтінінің ғылыми сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Қабылдау – ғылымның қай саласына да қатысты ұғым. Әрбір ілімнің ашылуы, жандануы, зерттелуі осы қабылдаудан басталады. Ғылым қабылдау негізінде өмір сүреді. Қабылдауға қатысты әр сала ғалымдары түрліше анықтама берген. Ғылыми қордан, көбіне, сөйлеу процесіндегі қабылдау жөнінде ақпарат табылады. Жазбаша мәтінді қабылдау мен сөйлеу процесіндегі қабылдау арасында едәуір айырмашылық болғанымен, екеуінің түп негізі адресаттың ақпаратты қабылдауы болып саналады.

Ғылыми мәтінді қабылдау, әлбетте, ғылыми мәтінді жазумен тығыз байланысты. Автордың танымы мен білімі негізінде ғылыми мәтін түзіледі. Е. Бабкина мен И. Семенованың «Основы психолингвистики и социолингвистики» атты оқу құралында жазбаша мәтінді қабылдауы кезіндегі автор мен оқырман арасындағы байланыс жөнінде тоқталған: «Воспринимая речь, человек соотносит сказанное с действительностью, со своими знаниями о ней, со своим опытом. Человек может восстанавливать фрагменты, черпая информацию из своего сознания. В процессе восприятия человек активен, выдвигает гипотезы относительно дальнейшего содержания и осуществляет смысловые замены» [2, 17]. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, оқырман мәтін мазмұны мен өз таным-түсінігін салыстыра отырып, қажетті ақпаратты сұрыптап алады. Бұл жерде біз оқырманға қажетті ақпаратты ұсынып отырған автордың көрегендігін көреміз. Мәтінді сөйлететін – автор. Сол себепті мәтінді қабылдауда қабылдаушы тұлға адресатты ғана емес, жазушы тұлға адресантты да назарда ұстағанымыз жөн. Төменде адресант пен адресат, мәтін мен адресат арасында болатын күрделі процесс қабылдауға берілген кесте ұсынылады.

Кесте 1 – Қабылдаудың мәтін прагматикасындағы орны



Кестеде көрсеткеніміздей, ғылыми мәтін «мәтіндік» қалыпқа түсуіне дейін де бірнеше кезеңнен өтеді. Адресант ғылыми мәтінді жазуға дейін оны ой елегінен өткізіп, оған ойша ғылыми талдау жасап, қойған мәселеге шешім іздеуді ойластырады. Кез келген ғылыми мәтіннің негізінде автордың танымы мен білімі тұр. Автор мәтінді жазуда оны қабылдайтын

оқырманның танымы мен білім деңгейін назарда ұстайды. Мәтінді жазуда ой танымнан мәтінге бағытталса, қабылдау кезінде кері процесс жүзеге асады. Авторсыз мәтін болмайтыны секілді оқырмансыз мәтін болмайды. Ғалым А. Байтұрсынұлының мына тұжырымы автор мен оқырман арасындағы байланыс пен үйлесімділікті анық көрсетеді: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс» [3, 254]. Екі жақ бір-бірімен білім, таным жағынан үйлесімділікте болмаса, мәтін өзіндік деңгейде қабылданбайды. Зерттеуші Н. Уәли автор мен оқырманның білімі мен танымы қатарына тезаурус көлемін, вербалді ойлау аппаратын қосады. Нақтырақ айтсақ: «Автор өзінің айтпақ ой-сезімінің адресатқа мүмкіндігінше толық жеткізу мақсатын көздейді. Реципиент мәтінді толық түсінуі үшін автордың реципиент білімінің деңгейімен санасуына тура келеді. Реципиентте коммуникативтік акті шеңберіне сай білім мөлшері, көлемі жеткілікті болуға тиіс. Оған реципиенттің тезаурус көлемі, вербалды ойлау аппараты, белгілі бір ақиқат туралы қажетті білімнің мазмұны кіреді» [4, 13]. Мысалы, кез келген ғылыми мәтінді оқушыға, болмаса кәсіпкерге ұсына алмаймыз. Себебі ғылыми мәтіннің оқырманы, әлбетте, ғылымға қатысы бар тұлғалар болуы шарт. Ғылыми түсінігі қалыптасқан оқырманның өзі кез келген ғылыми мәтінді қабылдайды деуге болмайды. Бұл жолда ғылымның қай сала екендігі, автордың мәтінді ұсыну амалдары аса маңызды. Ғалым А. Адидованың «Қабылдау стилистикасы» атты оқу құралында И. Арнольдтің «*принцип выдвигения*», яғни «ұсыну қағидаты» жөнінде айтылған. Ұсыну қағидаты әрбір ғылыми мәтін түзуші авторға қажетті амал болып табылады. Мәтін оқырманмен оқылып, түсініліп, өзгеге немесе өзіне түсіндірілуі керек. Еңбекте ұсыну қағидатына мынадай анықтама берілген: «ұсыну деп мәтіннің формалды ұйымдасу тәсілдері түсініледі, олар бір немесе көбінесе әртүрлі деңгейдегі элементтердің арасындағы маңызды семантикалық қатынастар барлығын көрсететін хабар элементтері ретінде оқырмандардың назарын аударады» [1, 56]. Ұсыну қағидатының негізгі мәні оқырман оқып отырған мәтіндегі ақпараттылығы жоғары элементтерге бірден назар аудару болып табылады. Ғалым Д. Өлкебаева «Сөз мәдениеті» атты оқу құралында ұсыну қағидатына сөйлеу стратегиясы мен тактикасы тұрғысынан қараған. Нақтырақ айтсақ: «Сөйлеу әрекетінде сөзге қатысушылардың (коммуниканттардың) әрқайсысының өзіне тән стратегиясы мен тактикасы болады. Коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы – сұқбатқа қатысушылардың арнайы жоспары. ... Сөйлеу стратегиясында айтушы екінші серіктесінің қызығушылығын тудыратын жағдаяттарға да ерекше көңіл бөледі» [5, 13]. Зерттеуші Е. Шпомер коммуникацияның тиімділігін

қарым-қатынас стратегиясы және тактикасымен байланыстырады [6, 112]. Ал В. Василина «автордың негізгі мақсаты стратегия мен тактиканың тиімді қолданылуымен орындалады» дейді [7, 28]. Адресаттың тактиканы жүйелі түрде қабылдауы адресантпен тығыз қатынасын көрсетеді. Ұлыбританияның Лестер және Ноттингем университеттерінің ғалымдары С. Софи, Р. Ковальская, Б. Кевин, Ж. Басрана, Р. Филикб және Д. Мальтбиа мәтінді түсінуде интерпретатордың сөздік қоры маңызды орын алады деген тұжырым жасайды: «Reading skills, including word decoding and vocabulary have been shown to be strong predictors of comprehension, with some children who have difficulties in reading comprehension showing poor vocabulary skills» [8, 3]. Демек, адресаттың сөздік қоры да оның қолданысындағы тактикаларды көрсетеді. Ал Кембридж университетінің зерттеушілері К. Хеффернан мен С. Теуфель ғылыми мәтінді түсінудегі мәселелер жайында «Problem-solving Recognition in Scientific Text» деген ғылыми мақалада жазған. Ғалымдар мәтінді түсінуге арналған модель ұсынады: мәселе; шешім: мәселе мен шешім арасындағы байланыс [9, 6047]. Осы модель арқылы мәтінді тиімді қабылдауға болатынын талдайды.

Ғылыми мәтінде ұсынуға берілген ақпараттың шынайылығына, ғылыми дәлелдемелеріне, автордың өзіндік болжамына, қойылған мәселеленің шешіміне мән беріледі. Оқырман автордың идеясын, шешу жолдарын, мәтінді ұсынудағы амалдарын қабылдап қана қоймай, оны өн бойынан өткізеді, яғни түсінеді. Түсінілмеген ақпарат қабылданбайды. Сондықтан да көптеген ғалымдар қабылдау мен түсіну ұғымдарын қатар қарастырады.

Кесте 2 – Қабылдау мен түсінудің мәтін прагматикасындағы орны



Кестеге назар аударсақ, қабылдау мен түсіну бір қатарда көрсетілген. Себебі түсіну мен қабылдау ойлау арқылы жүзеге асады. Ғалым А. А. Леонтьев түсінуді жадтың, ойлаудың және т.б. қатысуымен жүретін «субъектінің күрделі психикалық қызметі» ретінде түсіндіреді [10, 97]. Қабылдаушы оқырман да мәтіннің қажетті деңгейде қабылдануына ықпалын тигізеді. Зерттеуші Н. Уэлидің пікірінше, адресат «түсіну стратегиясын» негізге алады. «Түсіну стратегиясы бірінен кейін бірі ретімен айтылған таңбалар тізбектерінің қандай мағынада екенін түсінуден басталып, сөйлеушінің нені айтпақ болғанын ұғынумен, ой елегінен өткізумен аяқталады. Сөзді

мұқият ұйып тыңдаушының «образын» жасау – сөздің ойдағыдай өрбуіне ықпал ететін негізгі шарттардың бірі» [4, 13]. Бұдан түсіну қабылдаудан кейін болатын процесс екендігін байқауға болады. Ғалым Ғ. Отарбаеваның пікірінше, «мәтінді түсіну дегеніміз мәтінді тек оқу шеңберінен шығып талқылау, түйсіну, басқа мәтіндер мен мәдени контекстермен қатынасы деңгейінде интерпретациялау» [11, 201]. Бір қарағанда, қабылдау мен түсіну бір мазмұнға ие бірліктер ретінде көрінгенімен, олардың арасында айырмашылық бар. *Біріншіден*, қабылдау процесінде негізгі субъект, яғни доминант субъект адресант болып табылады. Ал түсіну процесіндегі доминант субъект – адресат. *Екіншіден*, қабылдау – түсінуге дейінгі әрекет. Қабылданған ақпарат адресатпен түсініледі. Ары қарай түсіну түсіндірумен (интерпретация) ұласады.

Кесте 3 – Интерпретацияның мәтін прагматикасындағы орны



Кестеде берілгендей, ғылыми мәтінді қабылдау түсінумен ғана емес, интерпретациямен де тікелей байланысты. Себебі ғылыми мәтіннің өміршеңдігін танытатын құрал – осы интерпретация. Интерпретация латынның «interpretatio – делдалдық» деген ұғымынан тарайды. Бір сөзбен айтқанда, ғылыми интерпретация – ғылыми мәтінді түсіндіру. Мәтінді қабылдау, түсіну мен талқылау, өзгеге жеткізу осы интерпретацияның негізгі белгілері болып саналады. Ғ. Н. Отарбаева «Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар» атты зерттеуінде В. Гетьманның интерпретацияның «базалық құрылымын» бірнеше топқа бөліп қарастырған:

- «Интерпретация тілдің және сөйлеудің құралымына, контекстер мен жағдаяттарға, қарым-қатынас ережесіне, тілдік қарым-қатынас шеңберінен тыс дәйектемелерге сүйеніп жасалады;

- Интерпретация үшін мәтіннің немесе пікірдің мағынасы туралы болжамдарды ескеру және тексеріп отыру маңызды;

- Интерпретация үшін жеке тұлғалық және тұлғааралық қатынастар маңызды, яғни мәтін авторы мен интерпретатор арасындағы байланыс, мүмкін болса, тіпті бір мәтіннің бірнеше интерпретаторлары арасындағы байланысты анықтап отырған жөн;

- Интерпретация кезінде «автор және оның ішкі әлемі – мәтін – оқырман-интерпретатор және оның өз ішкі әлемі» үнемі тұтастықта болуы тиіс. Осы

үштік одақ адекватты интерпретацияның қалыптасуының кепілі бола алады. Осылайша мәтін интерпретациясы бір жағынан оқырманның өз ішкі әлемін, екінші жағынан «автордың жиынтық әлемінен» түзілген «әлемнің менталды моделін» құрайды» [11, 200]. Интерпретация кезінде адресат автоматты түрде адресантқа айналады. Себебі ол – мәтінді айтушы. Демек, интерпретатор мәтінді қабылдаған кезде адресат болады да, мәтінді түсіндірген кезде адресанттың қызметін атқарады.

Ғылыми мәтінді түсіндіру оқытушының білім алушыға ақпаратты жеткізуімен, ғалымның (оқытушының) баяндама жасауымен тікелей байланысты. Себебі ғылыми мәтін оқырманға түсіндіру үшін жазылады. Түсіндіру – тек ғылыми мәтінге тән әрекет. Ғылыми мәтін бағытталған аудиторияның қандай екені қашан да белгілі болады. Автор үшін бұл мәселе қиындық тудырмауы керек. Оның жанында көркем мәтіннің аудиториясы бейтаныс болып келеді. Десек те, оны табудың бір жолы тақырып болып саналады. Тақырыпқа қарай болжамды оқырманы анықталады, болмаса оқырманына қарай мәтіні жазылуы да мүмкін. Ғылыми мәтін – интерпретацияны қажет ететін бірден бір мәтін түрі. Себебі мәтіннің бұл түрі ағартушылық сипатқа ие. Н. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясында ғылыми мәтін авторы мен оқырманын бір деңгейде көрсетеді. «Ғылыми стильде адресат факторы «маман» - «маман» деген формулаға сай қолданылады, адресаттың білім деңгейлері шамалас болады, екеуіне де ортақ білім қоры болады» [4, 14]. Оқырман деңгейі белгілі болғанымен, ғылыми мәтін жазудың өзіндік талаптары да бар. Көркем мәтін жазғандай көңіл мен жүрекке ерік берілмейді, мәтін шындыққа, ғылыми дәлелдемелерге сүйене отырып жазылады. Жазылған мәтін міндетті түрде оқырманына түсіндірілуі керек. Осы бір процесті ғылымда интерпретация деп атайды. Ғылыми стильге тән ең негізгі ерекшелік – баяндау. Демек, баяндау ойды түсінікті, толық, жүйелі, дәл, объективті жеткізу үшін қолданылатын әрекет. Ғалымдар баяндау арқылы өзі зерттеп отырған мәселені белгілі бір әдіснаманы басшылыққа ала отырып, жан-жақты диахронды және синхронды тұрғыда, басқа да ғылым не құбылыстармен салыстыра қарастырып, өзінің дәлелді, негізделген тұжырымын, қорытындысын ұсынады [1, 10]. Баяндау – ғылыми мәтінге тән негізгі қызметтердің бірі, ғылыми мәтінді интерпретациялаудың бір жолы.

Ғылыми мәтінді қабылдау мен түсіну және интерпретациялауға қатысты тұжырымдар негізінде А. Абасиловтың «Әлеуметтік лингвистика» атты оқу құралынан алынған мәтінге «автор, мәтін және адресат» ұштағаны негізінде талдау жасайық.

«Тілдік тұлға – тұлғаның лингвистикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, этикалық, эмоциялық және т.б. бірліктерінің тілде,

сөйлеуде, дискурста, мәтінде жүзеге асырылуы. Тілдік тұлға ұғымына тілдік сана-сезім, сөйлеу мәдениеті, тіл және ойлау, тіл және сөйлеу, тіл және мәдениет арасындағы байланыстары, тілдің өмір сүру формалары және т.б. жатады. Тілдік тұлға құрылымы (Ю.С.Караулов бойынша) үш деңгейден тұрады:

а) вербалды-семантикалық, яғни тілді білу деңгейі;

ә) әлемнің тілдік бейнесіндегі ұғым, идея концептісін қоса алғандағы когнитивті деңгейі;

б) мақсат, уәж, қызығушылық, интенциямен анықталатын прагматикалық деңгейі» [12, 28].

Мәтіндегі тілдік бірліктермен таныса отырып, оның ғылыми стильде жазылғандығын бірден түсінеміз. Себебі мәтінде ғылыми терминдер өте көп кездеседі. Атап айтсақ: *тілдік тұлға, тілдік сана, сөйлеу мәдениеті, әлемнің тілдік бейнесі, уәж, ұғым, интенция, когнитивті деңгей, прагматикалық деңгей, концепт* және т.б. Мәтін бағытталған адресаттың ғылыми көзқарасы, түсінігі бар екені мәтіннен көрінеді. Бұндай мазмұнды мәтінді қарапайым халық, мектеп оқушылары, қазақ тіл білімі саласынан басқа сала мамандары, білім алушылары аса түсіне қоймайды. Демек, мәтін авторы бұл мәтінді қазақ тіл білімі саласы мамандары мен білім алушыларының қабылдауына ұсынған. Автор мәтінді оқырманға түсінікті сипатта жеткізу жолында қандай тактикаларды қолданғанына назар аударсақ, мәтіннен автордың мынадай ұсыну тактикаларын байқауға болады:

1 Әрбір ғылыми мәтін оқырманға түсіндіру формасында жазылады. Бұл мәтін де сондай сипатқа ие;

2 Автор тарапынан эмоцияны, эксперссияны көрмейміз. Себебі автор ғылыми стильге тән белгілерді қатаң түрде ұстанған.

3 Мәтінде тіл білімі саласына тән *тілдік тұлға, дискурс, тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі, идея, концепт* сынды терминдер қолданылған. Автор терминдерді пайдалану арқылы өз оқырманын табуды, сонымен қатар ақпаратты ғылыми сипатта ұсынуды көздеген.

4 Мәтінді оқырман тез қабылдауы үшін автор ойын күрделі сөйлемдермен емес, жай сөйлемдер арқылы беруге тырысқан.

5 Автордың ақпаратты топқа бөліп көрсетуі, жіктеме түрінде беруі оқырманның мәтінді тез есте сақтауына көмегін тигізеді. Автор осы мәселені де назарда ұстаған.

Демек, автор мәтін жазуда оқырманның жас ерекшелігін, білім деңгейін, таным-түсінігін маңызды факторлар қатарында ұстаған. Автор мен оқырман арасындағы байланыс үзілмеген жағдайда мәтін нәтижелі болады.

Қорытынды

Ғылыми мәтінді қабылдау реципиент арқылы жүзеге асатын процесс болып көрінгенімен, оның негізі адресантта жатыр. Қабылдау кезінде адресат емес, адресант доминант субъект болады. Себебі қабылдау процесі автордың ғылыми көзқарасы мен ұсыну стратегиясының нәтижесі болып табылады. Ғылыми мәтінді қабылдау, ең алдымен, процесс. Процесс – бір-бірімен байланысқан әрекеттер тізбесі. Демек, мәтінді қабылдауда тек мәтін мен адресанттың қатынасы емес, ең бірінші қабылдауға ұсынылған ақпараттың иесін зерттеу нысанына айналдыру мәтін зерттеуде аса маңызды деген ойдамыз.

Түсіну де қабылдау сияқты бірнеше әрекеттен құралған процесс. Бірақ бұл процестің негізгі субъектісі адресат болып саналады. Мәтінді түсінуді жүзеге асыратын да адресат, түсіндіретін де адресат. Адресат ақпаратты қабылдап, түсіну процесін бойынан өткізеді. Бұл процесс интерпретациямен аяқталады.

Интерпретация кезінде адресат автоматты түрде адресантқа айналады. Себебі ол – мәтінді айтушы. Демек, интерпретатор мәтінді қабылдаған кезде адресат болады да, мәтінді түсіндірген кезде адресанттың қызметін атқарады. Көріп отырғанымыздай, бұл – үлкен жүйе. Қабылдау, түсіну, түсіндіру процестері бір-бірімен байланыста болса, ғылым өміршең болмақ.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Адилова, А. С.** Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.

2 **Бабкина, Е. С., Семенова, И. В.** Основы психолингвистики и социоллингвистики. Учебно-методические материалы по дисциплине [Электронный ресурс]. – URL: <https://pnu.edu.ru/media/файл/2012/10/01/21.pdf> (Дата обращения: 01.08.2021).

3 **Байтұрсынұлы, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

4 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2007. – 60 б.

5 **Әлкебаева, Д.** Сөз мәдениеті. Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.

6 **Шпомер, Е.** Коммуникативные стратегии и тактики как фактор эффективной коммуникации // Вестник ХГУ им. Н. Ф. Катанова. – 2013. – №1. – 109–113 с.

7 **Василина, В. Н.** Понятия стратегии и тактики в прагмалингвистике // Вестник МГЛУ. Филология. – 2006. – № 1 (21). – С. 28–37.

8 **Sophie, S., Kowalskia, R., Kevin, B., Basrana, J., Filikb, R., Maltbya, J.** Local text cohesion, reading ability and individual science aspirations: key factors influencing comprehension in science classes // British Educational Research Journal. – 2014. – 2–21 p.

9 **Heffernan, K., Teufel, S.** Problem-solving Recognition in Scientific Text // Proceedings of the 13th Conference on Language Resources and Evaluation (LREC 2022). – 2022. – 6045–6058 p.

10 **Леонтьев, А. А.** Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии: Избранные психологические труды [Текст]. – Москва: НПО МО ДЕК, 2001. – 444 с.

11 **Отарбаева, Ф. Н.** Мэтин жэне интерпретация: көзкарастар мен концепциялар // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2018. – №4 (172). – 198–204 б.

12 **Абасилов, А.** Әлеуметтік лингвистика. Оқу құралы [Мэтин]. – Алматы : Асыл кітап, 2016. – 248 б.

References

1 **Adilova, A. S.** Kabyldau stilistikasy. Oku kuraly [Stylistics of perception. Training manual] [Text]. – Almaty : Evero, 2016. – 100 p.

2 **Babkina, E. S., Semenova, I. V.** Osnovy psikholingvistiki i sociolingvistiki. Uchebno-metodicheskie materialy po discipline [Fundamentals of psycholinguistics and sociolinguistics. Educational and methodological materials on the discipline [Electronic resource]. – URL: <https://pnu.edu.ru/media/filer/2012/10/01/21.pdf> (Date of request 01.08.2021)

3 **Baitursynuly, A.** Kazakh til bilimining maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Abzal-ai, 2013. – 640 p.

4 **Uali, N.** Kazakh soz madenietining teoriyalyk negizderi: filologiya gilymdarining doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertaciyaning aftoreferaty [Theoretical foundations of Kazakh speech culture: abstract of Doctor of Philological Sciences thesis] [Text]. – Almaty, 2007. – 60 p.

5 **Alkebayeva, D.** Soz madenieti. Oku kuraly [Speech culture. Training manual] [Text]. – Almaty : Kazakh university, 2011. – 196 p.

6 **Shpomer, E.** Kommunikativnye strategii i taktiki kak faktor effektivnoj kommunikacii [Communication strategies and tactics as a factor in effective communication] [Bulletin of KhGU them N. F. Katanov]. – 2013. – № 1. – 109–113 p.

7 **Vasilina, V. N.** Ponyatiya strategii i taktiki v pragmalingvistike [Concepts of strategy and tactics in pragmalinguistics] [Bulletin of MGLU]. – 2006. – № 1(21). – С. 28–37.

8 **Sophie, S., Kowalskia, R., Kevin, B., Basrana, J., Filikb, R., Maltbya, J.** Local text cohesion, reading ability and individual science aspirations: key factors influencing comprehension in science classes // British Educational Research Journal. – 2014. – 2–21 p.

9 **Heffernan, K., Teufel, S.** Problem-solving Recognition in Scientific Text // Proceedings of the 13th Conference on Language Resources and Evaluation (LREC 2022). – 2022. – 6045–6058 p.

10 **Leontiev, A. A.** Yazyk i rechevaya deyatelnost' v obshei i pedagogicheskoi psihologii: Izbrannye psihologicheskie Trudy [Language and speech activity in general and pedagogical psychology: Selected psychological works] [Text]. – Moskow: NPO MO DEK, 2001. – 444 p.

11 **Otarbayeva, G. N.** Matin zhane interpretaciya: koskarastar men koncepciyalar [Text and interpretation: views and concepts] [Eurasian Journal of Philology: Science and Education]. – 2018. – № 4(172). 198–204 p.

12 **Abasilov, A.** Aleumettik lingvistika. Oku kurali [Social linguistics. Training Manual] [Text]. – Almaty : Asyl kitap, 2016. – 248 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

**А. К. Кожмахмет¹, Г. О. Сыздыкова²*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.

Принято к изданию 08.09.23.

ВОСПРИЯТИЕ, ПОНИМАНИЕ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ НАУЧНОГО ТЕКСТА

Статья написана на основе проблем восприятия, понимания, интерпретации научного текста. Во все времена научный текст имел огромное значение для обучающихся. Поскольку научный текст – это сложная структура, в которой заключаются наука и знания. При этом этому типу текста присущи объективность, логичность, конкретность и информативность. Следовательно, требования к научному тексту строгие. Таким образом его адекватное освоение в должной степени напрямую связано с правильным восприятием текста, грамотным пониманием, изложением его понятным языком

читателю. Если сказанный текст будет неправильно воспринят, он не достигнет намеченной цели.

В статье проведен прагматический анализ взаимосвязи восприятия и понимания научного текста, специфики, места интерпретации в написании и чтении научного текста. Для отражения специфики научного текста, его связи между адресантом и адресатом был проведен анализ научного текста ученого А. Абасилова. Основным объектом изучения статьи стало использование научным языком, структура предложения, высказанная мысль. Вместе с тем, в статье также нашли отражение исследования стратегии и тактики, которые автор использует для адекватного восприятия читателем научного текста. В результате чего выявлена связь понятий восприятия, понимания, интерпретации, объединяющая между собой текст, автора и читателя.

Ключевые слова: восприятие, понимание, интерпретация, термин, адресант и адресат.

*А. К. Kozhakhmet¹, G. O. Syzdykova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Accepted for publication on 08.09.23.

PERCEPTION, UNDERSTANDING AND INTERPRETATION OF A SCIENTIFIC TEXT

The article was written based on the problems of perception, understanding and interpretation of a scientific text. At any time the scientific text was of great importance for students, because the scientific text is a complex structure in which science and knowledge are stored. Furthermore, this type of text is characterized by its objectivity, logic, accuracy and informativeness. Therefore, the requirement for a scientific text is strict. For that reason sufficient mastery of it is directly related to the correct perception of the text, competent understanding, and delivery to the reader in a understandable language. If the spoken text is not perceived correctly, then the text will not achieve its intended purpose.

The article provides a pragmalinguistic analysis of the relationship of perception and understanding of a scientific text, the specifics and the role of interpretation in writing and reading a scientific text. In order to show the specifics of the scientific text, its relationship between the author and the addressee, an analysis of the scientific text of the scientist A. Abasilov

was carried out. The main object of the study of the article was the use of language by the scientist, the structure of the sentence, the thought expressed. In addition, research on the strategies and tactics used by the author for a sufficient perception of the scientific text by the reader was also reflected in the article. As a result, the relationship of the concepts of perception, understanding and interpretation is revealed, which unites the text, author and reader with each other.

Keywords: perception, understanding, interpretation, term, author and addressee.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz